

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ

Н.Ә. Сарыпбекова
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстандағы нарықтық қатынастардың дамуы бірқатар мәселелерді шешуде қиындықтармен және олардың шешіміне көзқарастардың өзгеруімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, реформаны жүргізудің бастапқы кезеңінде, нарықтың өзін-өзі реттеу доктринасы басым болған кезде, агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) өнімдерін өндіру мен сатуды мемлекеттік реттеудің қажеттілігі туралы мәселе қойылмаған. Нарық құн заңымен реттеледі, бағалар ұсынысқа сұраныстың әсерімен қалыптасады, бәсеке өндірістің қажетті құрылымын өзі-ақ қалыптастырады деген пікір қалыптасқан болатын.


Бірақ, экономиканың ары қарайғы дамуы мұндай тұжырымның қабілетсіздігін көрсетті. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасында қалыптасқан бағалар, диспаритеті агроөнеркәсіптік өндірісті терең экономикалық дағдарысқа алып келді. Осы үрдістерді зерттеу, АӨК-ң өндірісі мен өнімді сатуына мемлекеттік реттеудің қажеттілігін көрсетті. Бұл мемлекеттік реттеуге үлкен көңіл бөлінетіні, нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибелерінен де айқын көрінеді.

Аграрлық сектор Республикада жалпы жағдайлардың тұрақталған кезінің өзінде де, экономикалық пайдасы төмен және тәуекелі жоғарғы сферасы болып қала берді. Құс өнімдерін қайта өңдеу технологиясы мен агротехнологияның төмен деңгейі, материалдық-техникалық базаның тозуы, несиелік ресурстардың тапшылығы, нарықтық экономиканы реттеудің құқықтық базасының жетілдірілмеуі, отандық өнімдердің әлемдік және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілетсіздігінің негізгі себебі бола отырып, агросектордағы потенциалды табысты қысқартады.

Аграрлы нарық пен ауылдық территорияларды тиімді дамытудың мемлекеттік реттеу шараларын қамтамасыз ететін кешенді механизм, қазіргі уақытқа дейінде болмай отыр. Жекелеген салалық заңдар бар, осыған сәйкес түрлі бюджеттік бағдарламалар қаржыландырылады, алайда олар агроөнеркәсіптік кешенді толық қамтымайды [1].

Мал шаруашылығы нарығының өнімдері (импортты қоса ескергенде) тұрғындардың тұтыну қажеттіліктерін сүт бойынша – 58%-ға, ет бойынша – 63%-ға, жұмыртқа тұтынуын – 83%-ға қанағаттандырады. Шетелдік импорттық азық-түлікке тәуелділіктен құтылып, тұрғындардың азық-түлікке деген мұқтаждықтарын отандық өндіріс есебінен

қанағаттандырыуды қамтамасыз ету үшін, сүт өндірісін – 1,7 есеге, ет өндірісін – 2,4 есеге, жұмыртқа өндірісін – 1,3 есеге арттыра отырып, мал шаруашылығын жедел дамыту қажет.



1 сурет – Құс шаруашылығы өнімдері нарығын мемлекеттік реттеу механизмі

Шығынға ұшыраған кәсіпорындар қалыпты қызмет атқара алмайды, сәйкесінше, қайта жаңғырта отырып өндірістің кеңеюін де, тұрғындарды қажетті тұтыну өнімдерімен де қамтамасыз ете алмайды. Негізінен мал санының қысқаруы мен өнім өндірудің құлдырауы, рентабельдігі төмен және шығынды шаруашылықтарда жүрді. Бұл мәселені, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының аймақтық рентабельділігін сараптау мәліметтері де растады.

Мал шаруашылығы өндірісінің тиімділігі мен дамуын тежейтін факторлар ретінде, эквивалентсіз сала аралық бағалық қатынастар деп саналады. Елде қызмет ететін нарықтық қатынастар, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдеріне бағалық теңдіктің бұзылуымен сипатталады, яғни өткізілген жұмыртқа мен еттің бағасы, жоғары және әрдайым артып отыратын жем-шөп бағаларының шығынын (жмых пен шрот, ақуызды-дәруменді қоспалар, дизельді май, электр энергиясы, газ, ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-жабдықтарына кететін шығындар) жаба алмайды.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, жүргізген талдаудың негізінде құс шаруашылығы өнімі нарығын мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында келесі механизм ұсынылады (1-сурет).

Механизмде, құс секторының салалық ерекшелігін ескере отырып, мал шаруашылығы мен ветеринарияны жетілдіруді, құс шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнімдерін қайта өңдеуді, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасының стандарттарын қамтамасыз етуді қарастыратын, кәсіпорындарын және ауыл территорияларын дамыту деңгейінде реттеу қарастырылған.

Механизмде, сонымен қатар құс шаруашылығы кешенін ғылыми және ақпараттық-маркетингтік, кадрлық қамтамасыз етудің, құс шаруашылығы өнімдері импорттын және азық-түліктік қауіпсіздік төнген жағдайдағы, азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу бағыттары қарастырылған [2].

Механизмде бірқатар жаңалықтар қарастырылған. Бұл ең алдымен, ауылдық жерлерді дамытуда мемлекеттік қолдаудың жүйесін ретке келтіру, қайта өңдеуші салаларды қолдау және реттеу бойынша бағдарламаларды бекіту, саланы ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету, ауылдық жерлерді дамытуды реттеу облысында жергілікті және орталық органдардың өкілеттіліктерін шектеу. Бұдан басқа, азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайдағы құс шаруашылығын реттеу қарастырылады, ішкі нарықты импорттан қорғау мақсатында реттеу және саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауылдық жерлерді дамытудың құқықтық негізін алдын ала қарастыру және ауыл үшін маңызды салаларда жұмысшыларға жеңілдіктер беруді қарастыру қамтылған.

Мемлекеттің нарықты реттеуіндегі басты назары азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен тәуелсіздігіне аударылады. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі әлемдегі ең маңызды және кеңінен талқыланатын мәселелердің бірі, бүгінде ол мемлекеттік реттеу мақсаты мен әлеуметтік құндылықтардың негізгілерінің бірі ретінде қарастырылады.

Өркениетті елдер үкіметі экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда, ауыл шаруашылығының бәсекеге түсе алмайтынын, және де оның қаржылық, ұйымдастырушылық және саяси қолдауды қажет ететіндігін түсінеді. Ондағы бюджеттік субсидиялар, жалпы фермерлік отбасы табысының 50 және одан да көп пайызын құрайды. Олай болмаса, Батыс фермерлерінің банкротқа ұшырауы жиілеп кетер еді. Негізгі көмек бағалар арқылы жасалынады: яғни, батыс үкіметтері фермерлер өнімдерін әлемдік бағадан жоғары етіп сатып алуға тырысады. Несие-қаржылық және салықтық саясаттың өзара үйлесімі, сондай-ақ қомақты субсидиялар нәтижесінде азық-түлік өндірісі, жұмысбастылық пен инфляция деңгейіне әсер етіп, экономикалық кезең серпінін бақылап, ауыл шаруашылығын модернизациялауға ынталандырады, сауданың жағымды тәртібін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығына көрсетілетін көмек, оның ауылдық жерлердегі өмір сүру деңгейін анықтайтын болғандықтан да, ауылдық жерлердің тіршілік ету кепілі болғандықтан, табиғатты сақтау, ландшафтты қорғауда шешуші болып табылатындығынан көрсетіледі. Міне сондықтан да, азық-түліктік қауіпсіздік толық қамтамасыз етілген, артылған азық-түлікті өткізу мәселесі басты болып табылатын, ауыл шаруашылығы тиімді қызмет ететін елдерде, мемлекет аграрлық салаға айтарлықтай қаржылық көмек көрсетеді. Мұндай қолдау саясаты, тек азық-түлік өндірісін субсидиялауда ғана емес (импортты шектеу, сатып алу бағаларының

қымбатшылығы, пайызсыз несие және т.б. арқылы), сонымен қатар, әрбір аграрлық сферадағы жұмыс істеуші басқа да халық шаруашылық саласындағы 6-10 адамды жұмыспен қамтып, маңызды орын алады.

Өзіндік азық-түлікпен айтарлықтай жоғары дәрежеде қамтамасыз етілген фермерлерге, тіпті кейбір елдердегі ауыл шаруашылық өндірісі үшін табиғи жағдайының анағұрлым жағымды болуына қарамастан, протекционизм саясаты құрылады: оны қолдау үкіметтермен мемлекеттік реттеудің міндетті элементі ретінде қарастырылады.

Тауар өндірушілерді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың негізгі міндеттерінің бірі, АӨК салалары және сауда араларында айырбас қатынасын қамтамасыз ету болып табылады. Бағалардың ұшқырлануы және компенсацияланбайтындығы көптеген ауылдық тауар өндірушілері мен ет комбинаттарын ауыр қаржылық дағдарысқа алып келді. Сондықтан, ет өнімдеріне бөлшек сауда бағаларын либералдау нәтижесінде түсетін табыстар бөлігі, сауда сферасынан өндіріс сферасына ауыстырылды. Әрине, ет кешенінде қызмет ететін экономикалық механизм, отандық ет өнімдерінің өндірісін және қайта қалпына келтірілуін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сондай-ақ оның ары қарайғы дамуына да жағдай жасауы қажет. Есептеулер бойынша, тек осының арқасында еттің барлық түрлерінің көлемі (еттік массада) 2015 жылы 2,4 есеге жетіп, жан басына шаққандағы тұтынуды 70 кг-ға дейін жеткізу мүмкін болып отыр [3].

Азық-түліктік сатып алуларды мемлекеттік реттеу жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізу қажет. Осы мақсатта мемлекеттің азық-түлік нарығындағы жағдайына әр түрлі формада әсер етуін қарастыру қажет: сатып алу мен тауарлық интервенция жасау арқылы, мемлекеттің қатысуымен кепілдемелік операциялар жүргізу, мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алулар жасау.

Сонымен бірге, құс өсірушілерді осы интервенцияға қатыстырудың тәртібін қолдана отырып, биржаның сауда жүйесін емес, интервенциялық сатып алуларды жүргізуге өзгерістер енгізу ұсынылады.

Негізгі нарықтық бағалар сапасы ретінде, нарықта қызмет ететін бағалық жүйе енгізіледі, ал реттеуші ретінде - интервенциялық, кепілдемелік, бейімдеуші және т.б бағалық жүйе енгізіледі. Мақсатты (немесе анықтамалық, нормативті) бағалар басқа бағаларды есептеуге негіз бола алатын, нормативті индикатор ретінде, мемлекеттік қолдаудың қажетті деңгейі ретінде қарастырылады.

Тауарлы және сатып алушылық интервенцияны өткізуде бағалардың, сұраныс пен ұсыныстың үнемі тұрақты болуы қарастырылады. Әдетте, сатып алу интервенцияларын ауыл шаруашылық өнімдеріне, шикізат және тұтыну азық-түліктеріне бағалар минимальді деңгейден төмен түскен жағдайда, ұсыныс сұраныстан артып кеткенде, тауар өндірушілердің өз өнімдерін өткізу қиындықтары туындағанда қолдану қажет және де керісінше, сұраныстың ұсыныстан шамадан тыс артып кету жағдайында да қолданылады. Мемлекет ауыл шаруашылығы нарығын тұрақтандыру үшін, өз корпорациялары арқылы, сатып алу интервенциясының жүргізілу нәтижесінде құрылған азық-түлік қорының жартысын нарыққа шығару жолымен, тауарлы интервенцияны жүзеге асырады. Мұндай саясат, шикізат пен азық-түлікке көтерме және бөлшек сауданың қажетті деңгейін қолдауға мүмкіндік беріп, олардың нарықтағы теңсіздігін болдырмауға тырысады. Сатып алу интервенциялары сатып алуды ұйымдастыру, ауыл шаруашылық өнімдері, ішкі затты және азық-түлік пен операциялар жүргізу түрлерінде, ал тауарлы интервенция - республикалық аймақтық қорлардан төмен бағада сату түрінде жүргізіледі.

Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша Республикалық корпорациясының сатып алу интервенциясының қорын қалыптастыру үшін, қайтарымсыз негіздегі бастапқы капиталды немесе ұзақ мерзімді жеңілдікті несие беруді ұйымдастыру қажет. Оның ары қарай дамуы мен жинақталуы, корпорацияның өз қызметтерін рационалды қолдануына тәуелді болады. Мемлекет үкімет тарапынан, кепілдемелі бағалар деңгейі, индексациясы және аванстау тәртібі бекітілетін, қажетті өнімдер тізімі мен сатып алу көлемін (құстар) анықтайды.

Құс шаруашылығының дамуын ынталандыру, құс өсірушілердің қайта өңдеуші кәсіпорындарға шикізат өткізу мүдделерін және олардың экономикалық тиімділігін арттыру

үшін, құс шаруалығы кәсіпорының қайта өңдеуші өнеркәсіптердің және сауданың, өнімді сатудан түсетін жалпы пайда шығындағы тең құқықты үлеспен қатысуын ескере отырып, сатып алу бағаларын реттеу жүйесін қолдану қажет. Қазіргі уақытта қалыптасқан теңсіздікті әділетті деп санауға болмайды, жалпы шығындардағы ауыл шаруашылық өндірушілерінің үлесі 60-70%, ал табыстағы үлестері 20-30% ғана құрайды.

Шаруашылық бағыты мен түрлеріне тәуелсіз шешімдеріне құс шаруашылығы кәсіпорындарының дамуы тәуелді болатын негізгі шаралар - баға белгілеу, яғни азық-түлік қорларына сатып алынатын өнімдерге кепілдемелі бағалар қою болып табылады. Кепілдемелі бағаны мемлекеттік билік өкілдері есептеп, бекітеді. Ол ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің (мемлекеттік қолдаудың басқа да түрлерін ескере отырып) өз өндірісін кеңейтуге жететіндей пайда алуды қамтамасыз етуі тиіс.

Мақсатты бағаларды ҚР Үкіметі өнеркәсіптік және құс шаруашылық өнімдерінің бағалар қатынасын, оны өндіруге кеткен өндірістік шығындармен сәйкестілігіне қарай, салық және басқа да төлемдерден, несиелер бойынша пайыз төлеуден және құс шаруашылығы жұмысшылары табысының басқа да агроөнеркәсіп жұмысшыларының табыс деңгейінен төмен болмайтындай жағдайда қамтамасыз етіп отырады.

Әдебиет

- 1 Серова Е., Карлова Н., Тихонова Т., Храмова И., Шик О. Перспективы реформирования аграрной политики России // Общество и Экономика.- 2004.- № 7-9.
- 2 Айдаров Т.А., Ибишев И.А. Анализ тенденций развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан // Мат. межд. науч. конф. «Национальная экономика и право в современных условиях: проблемы, приоритеты, перспективы развития».- Университет «Туран».-Алматы, 2008,
- 3 Айдаров Т.А. Рынок птицеводческой продукции в условиях ЮКО //Вестник сельскохозяйственной науки.- 2007.- №5.

Резюме

В статье на основании результатов развития птицеводства за последние годы даются направления по совершенствованию механизма государственного регулирования развития рынка птицеводческой продукции. Предлагается улучшить такие инструменты, как финансово-кредитный механизм, экономический и социальный. Рассматриваются цели, задачи и приоритеты государственного регулирования рынка птицеводческой продукции

Summary

In article considers mechanism of increasing to efficiency of the government regulation market poultry keeping to product. Happens to financial-credit mechanism of the government regulation market poultry keeping to product. The development of beekeeping and its influence on agriculture, the basic directions of development of agroindustrial complex of South-Kazakhstan region in conditions of crisis is spoken.